

№ 51 от 05.02.2021

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушының
2021 жылғы «__» _____
№__ бұйрығына қосымша

**«НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесін, мақсаттарын, қағидаттарын, оларды сайлау тәртібін және құзыретін айқындайды, Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамдағы басқару органы ретіндегі қызметінің рәсімдерін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігін, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру, өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін регламенттейді.

3. Қоғамның Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) – Заңда және Қоғамның Жарғысында Қоғамның Жалғыз акционерінің (бұдан әрі – Жалғыз акционер) ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қызметке жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның органы.

4. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғыларын (бұдан әрі - Жарғы), Қоғамның корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі - Кодекс), осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары мен қағидаттары

5. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары Қоғам қызметіне жалпы басшылық ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционері және басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

6. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Қоғам қызметі туралы анық және толық ақпаратты пайдалана отырып, мәселелерді алқалы және сараланған талқылау негізінде шешімдер қабылдау;

2) Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау;

3) Жалғыз акционер мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуді қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Қоғам мүддесінде барынша объективті шешімдер қабылдау;

4) парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, шынайылық, жауапкершілік және дәлдік қағидаттарында қызметті жүзеге асыру;

5) Кодексте жазылған өзге де қағидаттарды.

3. Директорлар кеңесінің құзыреті

7. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

6) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, атқарушы органның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) атқарушы орган мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау;

16) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

18) Қоғамның есептік саясатын, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

19) Қоғамның орта мерзімді даму жоспарын (бизнес-жоспарын, бюджетін) бекіту, сондай-ақ орта мерзімді даму жоспарына (бизнес-жоспарға, бюджетке) түзетулерді бекіту);

20) Қоғамның резервтік және басқа да қорларын қалыптастыру (қажет болған жағдайда) туралы шешім қабылдау;

21) қызметкерлердің жалпы санын және Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;

22) Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау;

23) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

24) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

8. Директорлар кеңесінің Басқармадан және ішкі аудит қызметінен ақпаратты, түсіндірмелер мен түсініктемелерді толық көлемде және уақтылы негізде алуға құқығы бар.

9. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

10. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау

11. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, осы Ережемен және Қоғамның өзге де құжаттарымен көзделген тәртіпте және нормаларды есепке ала отырып, Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар арасынан сайлануы мүмкін.

12. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеуге қойылатын мынадай талаптарды басшылыққа алады:

1) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің кандидатқа сенім білдіруі;

2) іскери және салалық ортадағы оң жетістіктер мен мінсіз бедел;

3) кандидаттың Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделеріне барынша сай келетін, сараланған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби білімі мен біліктілігін; 4) Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін салада кемінде 3 (үш) жыл басшылық жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) өзіне жүктелген функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті уақыт санының болуы. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат басқа акционерлік қоғамның органдарына қатысу немесе басқа ұйымда жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдаған кезінде өзіне жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындау үшін оның жеткілікті уақыты болуға тиіс екендігіне сүйенуге тиіс.

13. Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

14. Директорлар кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.

15. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар мен Директорлар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне, оң жетістіктеріне және іскерлік және салалық ортадағы мінсіз беделіне ие болуға тиіс.

16. Мындай тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

3) бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары (Басқарма төрағасының орынбасары), акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болған адамдар; Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе

белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

4) Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін өзге де талаптар.

17. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрауға тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

18. Директор мынадай жағдайларда тәуелсіз деп танылады:

Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмаған және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болып табылмаған (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);

Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын;

Қоғамның лауазымды тұлғаларына немесе ұйымның – Қоғамның үлестес тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты емес Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықта болған жоқ;

Қоғамның аудиторы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болып табылмаған;

аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

Қоғам органдарының отырыстарында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайтын және ол директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болып табылмаған;

мемлекеттік қызметші болып табылмаған.

19. Барлық директорлар өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

20. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған әрбір мүшесі

Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте мүшесі Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес лауазымына енгізу рәсімінен өтеді.

Корпоративтік хатшы мүшесі Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымына енгізу рәсімін ұйымдастырады.

5. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

21. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.

22. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

23. Қоғамның жалғыз акционері науқастануына, демалыста, іссапарда болуына байланысты күндізгі отырыстарда болмауын қоспағанда, Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі есепті кезеңде Директорлар Кеңесінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарының жартысынан кеміне қатысқан жағдайда, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

24. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

25. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанда бір мезгілде аяқталады.

6. Директорлар кеңесінің төрағасы

26. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

27. Директорлар кеңесінің төрағасы заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпте:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және жүргізеді;
- 3) Қоғам атынан Қоғамның Басқармасы төрағасымен материалдық көтермелеудің және Қоғам Басқармасы төрағасының жауапкершілігінің Қоғам қызметінің нәтижелеріне және даму жоспарының орындалуына тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы құрамы мен мөлшері туралы Жалғыз акционерді хабардар етеді;
- 5) жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционерді хабардар етеді;
- 6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 7) басқару мәселелерін Жалғыз акционермен келіседі;
- 8) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;
- 9) Жалғыз акционердің тапсырмасы бойынша Қоғамның Ішкі аудит қызметінің алдында жоспардан тыс тексеру жүргізуге бастамашылық жасайды;
- 10) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен шарттарға Қоғам атынан қол қояды;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген өзге де мәселелерді шешеді;

28. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

7. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

29. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік дыбыс-көрнекі байланысы), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі Директорлар кеңесі отырысының қалған барлық қатысушыларымен сөйлесе алатын жағдайда, өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің осы мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына бірлесіп қатысу нысанында жеке өзі қатысты деп есептеледі.

30. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде:

- 1) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібінің мәселелері және қабылданатын шешімдер бойынша ерекше пікір енгізуді талап етуге;
- 3) Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің (бар болса) отырыстарына, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға (бар болса) қатысуға;
- 4) белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;
- 5) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;
- 6) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;
- 7) Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 8) сыйақы алуға, сондай-ақ өзінің Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты шығындарды (шығыстарды) өтету құқығына ие болады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның басқа да құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

31. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ережеде қамтылған талаптарды және Жалғыз акционер мен жалпы Қоғамның мүдделерінде іскери әдептің адамгершілік қағидаттары мен қағидаларын сақтай отырып, адал, кәсіби, парасатты, шынайы, объективті және әділ әрекет етуге;

2) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған Қоғам туралы ақпараттың, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған кезден бастап үш жыл ішінде құпиялылығын сақтауға;

3) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдау шығаруға;

4) Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуге және Қоғамның басқа да органдарымен және лауазымды адамдарымен тұрақты байланыста болуға;

5) өздері мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға (бар болса);

6) Директорлар кеңесімен оны басқа акционерлік қоғамның органдарына сайлау немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

7) білімді жетілдіру жоспарын құруға қатысуға;

8) Директорлар кеңесіне 2 (екі) күн ішінде нәтижесінде тәуелсіз директор осындай болуды тоқтатқан мән-жайлардың өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

32. Директорлар кеңесінің мүшелері мүдделер қақтығысына қатысты мынадай қағидалар мен талаптарды сақтауға тиіс:

1) өзінің, Қоғамның және Жалғыз акционердің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болуға, ал мұндай қақтығыс болған немесе туындаған жағдайда, бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына дереу жазбаша түрде хабарлауға;

2) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

3) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) олар бойынша шешімдер қабылдауда мүдделілік бар мәселелер бойынша дауыс бермеуге;

5) жалпы қабылданған әдептілік қағидаларына сәйкес символдық назар белгілерінен немесе ресми іс-шараларды өткізу кезіндегі кәдесыйлардан басқа, жеке және заңды тұлғалардан өзінің лауазымдық жағдайы шеңберінде Директорлар кеңесінің мүшесі қабылдаған немесе жасаған шешімдері немесе әрекеттері үшін сыйақы болып табылатын немесе қарастырылуы мүмкін сыйлықтарды, қызметтерді немесе қандай да бір артықшылықтарды алмауға;

6) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған құпия, инсайдерлік және өзге де ақпаратты жария етпеуге, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, Қоғамдағы жұмыс аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде де өз мүдделерінде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдаланбауға;

7) өзінің үлестестігі және ондағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға;

8) Қоғаммен және Қоғам активтерінің сатылас құрылымына кіретін ұйымдармен бәсекелесетін ұйымдарды құрмауға, олардың органдарына қатыспауға;

9) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны Қоғамның Жарғысына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануға жол бермеуге;

10) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;

11) шұғыл мәселелерді шешу үшін Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге бастамашылық жасауға;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылауға;

13) Қоғамның құпия ақпаратының қауіпсіздігі мен сақталуына байланысты Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген барлық қағидалар мен рәсімдерді сақтауға.

33. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде дау айтуға құқылы.

34. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның Заңы мен Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

8. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

35. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша не төменде көрсетілгендердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің.

36. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап бес күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

37. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 10 жұмыс күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

38. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Корпоративтік хатшыны оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

9. Директорлар кеңесінің отырысы

39. Директорлар кеңесінің отырыстары ұтымдылық, тиімділік және тұрақтылық қағидаттарына негізделі отырып өткізіледі. Отырыстар Директорлар кеңесінің отырысында бекітілген ағымдағы күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес отырыстарды өткізу кестесіне сәйкес тұрақты, жылына кемінде алты рет өткізілуге тиіс. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

40. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу отырысты өткізудің нақты тәсілін таңдауды негіздей отырып, күндізгі және сырттай нысанда көзделеді, бұл ретте дауыс берудің сырттай нысаны бар отырыстардың саны барынша азайтылуға тиіс.

41. Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің отырысы шақырылған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысындағы материалдарда мыналар болуға тиіс:

1) отырыстың Қоғам Басқармасының төрағасы қол қойған күн тәртібі, отырыста қарауға жататын, шығарылатын мәселеге жетекшілік ететін Қоғам Басқармасының төрағасы немесе Қоғам Басқармасының мүшесі қол қойған құжаттар мен құжаттардың жобалары;

2) Қоғам Басқармасы, Кредиттік және/немесе Инвестициялық комитеттер және/немесе Қоғамның өзге де алқалы органдары шешімінің көшірмелері (болған және қажет болған кезде);

3) Қоғамның Басқарма төрағасының қолы қойылған, ұсынылатын шешім жобасының негіздемесі бар күн тәртібінің әрбір қаралатын мәселесіне түсіндірме жазбалар (осы Ережеге 1-қосымша);

4) Директорлар кеңесі шешімінің жобасы (осы Ережеге 2-қосымша);

5) сырттай отырыс өткізілген жағдайда Директорлар кеңесінің сырттай отырысының бюллетені (осы Ережеге 3-қосымша);

6) күн тәртібіндегі мәселелерді қарау және талдау үшін қажетті өзге де құжаттар, олар болған жағдайда (Қоғамның комитеттері мен өзге де алқалы органдарының тиісті мәселелер бойынша шешімдерінің көшірмелері, таныстырулары, есептері), көрсетілген мәселелердің күн тәртібіне енгізілуін негіздейтін анықтамалық материалдар.

42. Директорлар кеңесінің бір бетпе-бет отырысының күн тәртібіне енгізілетін мәселелердің ұсынылатын саны оннан аспауға тиіс. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесінің төрағасы қосымша мәселелерді енгізуді мақұлдауы мүмкін.

43. Күн тәртібін қалыптастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін және отырысқа қатысушыларды хабардар ету, сондай-ақ оларды қажетті материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі міндет Корпоративтік хатшыға, ал Корпоративтік хатшы болмаған жағдайда Басқармаға жүктеледі.

44. Директорлар кеңесі отырыстарының бетпе-бет нысаны неғұрлым тиімді ретінде Қоғам қызметінің түйінді мәселелері бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау кезінде орынды болады.

45. Директорлар Кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауы мүмкін.

Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

46. Сырттай отырыстар айына бір реттен жиі өткізілмейді.

47. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс және Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері ескеріле отырып, олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде (аралас дауыс беру) айқындалуы мүмкін.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтінішпен Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті.

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

48. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Корпоративтік хатшыны оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге міндетті.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада мыналар болуға тиіс:

1) жасалған күні;

- 2) Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесінің пікірі білдіретін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты айтылған ұстанымы;
- 4) Директорлар кеңесі мүшесінің қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі, отырыстың хаттамасына тігіледі, онда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшесі немесе Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Корпоративтік хатшыға ұсынуға тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны бұрын ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

49. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Заңда және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

50. Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

51. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

52. Тәуелсіз директорлардан басқа, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәмілені жасауға мүдделі болмаған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

53. Дауыстар тең болған жағдайда, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

54. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

55. Директорлар кеңесінің төрағасы белгіленген тәртіппен отырыстың Директорлар кеңесі бекітетін күн тәртібін дайындайды.

56. Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілетін отырысын ашу кезінде Директорлар кеңесінің төрағасы күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті. Егер күн тәртібіне Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауыстары оларды енгізуге дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

57. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекіту Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

58. Директорлар кеңесі оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

59. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша өзінің келіспеушілігін ерекше пікір түрінде баяндауға құқылы, оны Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырысының хаттамасында тіркейді. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда білдірілуге және толтырылған бюллетеньге қоса берілуге тиіс.

60. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

61. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі, сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ал ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда Басқармаға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселені (мәселелерді) қамтиды. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады (Директорлар кеңесі отырысының сырттай нысаны).

62. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдары қоса берілген сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күннен кемінде үш күн бұрын жіберілуге тиіс.

63. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні;
- 4) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде Басқарма мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;
- 8) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.

64. Сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшелері қол қоюға тиіс. Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және

дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша дауыстары ескеріледі.

65. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Қоғамның Корпоративтік хатшысы қол қоюы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып жіберілуге тиіс.

66. Директорлар кеңесінің бетпе-бет тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімі хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілетін күнге дейін үш күн ішінде отырысқа төрағалық еткен адам және Корпоративтік хатшы жасауға және оған қол қоюға және онда мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруінің дербес нәтижелері;
- 8) отырыста болмаған, бірақ өздерінің жазбаша пікірлерін білдірген Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер;
- 9) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері;
- 10) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де пікірлер.

67. Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері хаттамаға қоса тіркеледі.

68. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар директор осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

69. Корпоративтік хатшы хаттаманың (шешімнің) дұрыс жасалуына жауапты болады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер, Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамалары осы Ереженің 3-5-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жасалады.

70. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының екі нысанын да біріктіруге болады. Бұл бір немесе бірнеше директорлардың (30% - дан аспайтын) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайға қатысты. Бұл ретте жоқ директор техникалық байланыс

құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда ұсынуға тиіс,

71. Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік дыбыс-бейне жазу байланысы), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатысқан Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өзінің дауыс беру нәтижелерін жазбаша растауды ұсынуға міндетті (осы Ережеге 3-қосымша).

Жазбаша растамаға Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға және онда дауыс беруге қойылған әрбір мәселенің тұжырымы және ол бойынша: «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деген дауыс беру нұсқалары қамтылуға тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша растау осындай отырыс аяқталғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірілмей электрондық пошта немесе факсимильдік байланыс арқылы, тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызмет арқылы берілуге тиіс.

Көрсетілген мерзімде жазбаша растау тек сканерленген көшірмеде электрондық пошта арқылы ұсынылған немесе жазбаша растаудың көшірмесі факсимильді байланыс арқылы ұсынылған жағдайда, растаудың түпнұсқасы сондай-ақ Директорлар кеңесінің төрағасына тапсырыс хатпен немесе халықаралық танылған курьерлік қызмет арқылы осындай электрондық хат немесе факс жіберілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жеткізілуіне тиіс.

72. Тізбесін Директорлар кеңесі бекітетін маңызды мәселелерді қарау кезінде стенограмма жүргізіледі.

73. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамның архивінде сақталады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған хаттама мен шешімнен үзінділер беруге міндетті.

10. Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау

74. Директорлар кеңесі Басқарманың, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, ішкі аудит қызметінің (болған жағдайда), Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесінің отырысына ұсынылатын Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы есептерін қарау арқылы өз шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

75. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Басқарманың, ішкі аудит қызметінің (болған жағдайда) назарына жеткізеді және

Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді.

11. Директорлар кеңесінің комитеттері

76. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері (бұдан әрі - Комитеттер) мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) ішкі аудит және тәуекелдерді басқару;
- 2) стратегиялық жоспарлау
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) әлеуметтік мәселелер.

Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге де мәселелер.

Осы тармақта аталған мәселелерді қарау бір немесе бірнеше Комитеттің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Барлық Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, Комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, оларды сайлау тәртібі, Комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі құжаттармен реттеледі.

Директорлар кеңесі өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Комитеттерге беруге құқылы.

Жалғыз акционер Комитеттер туралы ережелермен танысуға құқылы.

77. Комитеттерді Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі құрады, олардың біреуі комитет төрағасы болып тағайындалады. Қажет болған жағдайда Комитеттердің құрамына нақты Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар енгізілуі мүмкін. Комитеттер мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді, алайда Директорлар кеңесі жыл сайын қайта қарауды жүзеге асырады.

Комитетті Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Ішкі аудит, кадрлар және сыйлықақы мәселелері жөніндегі Комитеттердің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Басқарма төрағасы Комитеттің мүшесі бола алмайды.

78. Комитеттерді қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

Комитеттер Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

79. Комитеттер мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың директорлар ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді.

80. Комитет төрағасы мен оның мүшелерінен басқа ешкімнің Комитеттердің отырыстарына қатысуға құқығы жоқ. Қалған адамдар үшін Комитеттердің отырыстарына қатысуға тиісті Комитеттің шақыруы бойынша ғана жол беріледі.

81. Директорлар кеңесі мен Комитеттер жыл сайын өз жұмысының жоспарын жасайды, олардың отырыстары тұрақты түрде өткізілуі тиіс. Комитет отырысының хаттамасы Директорлар кеңесіне ұсынылады. Директорлар кеңесінің жылдық есебінің жеке бөлімі Комитеттердің жұмысына арналады.

82. Директорлар кеңесінің жыл ішінде кез келген уақытта Комитеттерден ағымдағы қызметі туралы есеп беруді талап етуге құқығы бар. Мұндай есепті дайындау және ұсыну мерзімдерін Директорлар кеңесі айқындайды.

83. Комитеттердің құзыреті мен қызмет тәртібі, сондай-ақ олардың Қоғамдардың Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасау рәсімдері Директорлар кеңесі бекітетін Комитеттер туралы ережелермен айқындалады.

12. Корпоративтік хатшы

84. Корпоративтік хатшы - Директорлар кеңесі тағайындайтын және Директорлар кеңесіне есеп беретін, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде отырыстардың дайындалуын және өткізілуін бақылайтын, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың қалыптастырылуын қамтамасыз ететін, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізетін, Директорлар кеңесінің не Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғамның жұмыскері.

85. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі, сондай-ақ мәртебесі, функциялары мен міндеттері Жарғыда, Кодексте, Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы ережеде айқындалады.

13. Жалғыз акционермен және Басқармамен өзара қарым-қатынас

86. Жалғыз акционердің өз құзыреті шеңберінде қабылдаған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын Жалғыз акционердің алдында өткен жылдың қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп беру жолымен өз қызметі туралы есеп береді.

87. Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге бекітуге ұсынылатын атқарылған жұмыс туралы жылдық есебінде жылдық есептің құрамында мынадай ақпарат көрсетіледі, бірақ онымен шектелмейді:

1) Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директорлар көрсетіле отырып, тәуелсіз директорларды, Басқарма төрағасы мен Комитеттер мүшелерін (бар болса) іріктеу өлшемшарттары, шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесі тәуелсіз деп санайтын әрбір директор туралы ақпарат;

2) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының құрамына ол кіретін Комитеттің (бар болса) және Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы;

3) Комитеттердің өз функцияларын орындауы жөніндегі жұмысы туралы, оның ішінде Директорлар кеңесінің Комитеттердің жекелеген ұсыныстарын және/немесе ұсынымдарын қабылдамау себептерін көрсете отырып (бар болса);

4) Директорлар кеңесі шешімдер қабылдайтын мәселелер, сондай-ақ шешімдері Басқарма төрағасына берілген мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда, Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп;

5) Қоғамның ұстанымын және оның даму перспективаларын бағалау;

6) Директорлар кеңесінің, Комитеттердің (бар болса), жекелеген директорлардың, Басқарманың, ішкі аудит қызметінің және оның басшысының (бар болса), Қоғамның қызметіне бағалау жүргізу процесі;

7) Директорлар кеңесінің Жалғыз акционердің Қоғамдарға қатысты пікірлерін есепке алуы бойынша қабылданған шаралар (тікелей қарым-қатынас, брифингтер көмегімен).

14. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

88. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде төменде көрсетілген себептер бойынша келтірілген залалдар үшін Қоғам және Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) заңнамада белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу.

89. Бұл ретте Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері жауапты болмайды.

15. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

90. Директорлар кеңесі жыл сайын өз жұмысына, оның Комитеттерінің жұмысына (бар болса), директорлардың әрқайсысына ресми және жан-жақты баға береді және оның нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады. Есепті жылдағы қызметке бағалау жүргізу Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау жөніндегі ереженің негізінде жүргізіледі.

91. Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің комитеттері (болған жағдайда) Директорлар кеңесінің күшті және әлсіз жақтарын мойындай отырып және қажет болған жағдайда Жалғыз акционерге Директорлар кеңесіне жаңа мүшелерді сайлауды және/немесе директорларды қызметінен шеттетуді ұсына отырып, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелерін ескере отырып, танысуға және әрекет етуге тиіс.

16. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

92. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйлықақы мөлшері туралы

мәліметтерді ашады. Директорлар кеңесі мүшелерінің есепті кезеңдегі сыйақыларының мөлшері туралы мәліметтер Жалғыз акционер үшін дайындалған жылдық есепте міндетті түрде ашылуға тиіс.

93. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде белгіленген тәртіппен сыйақылар төленуі және олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

94. Директорлардың сыйақылары мен шығындарын өтеу талаптары олармен жасалатын шарттарда, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерінде және қажет болған кезде белгіленген тәртіппен Қоғамның ішкі құжатында көрсетіледі.

17. Ереженің заңды күші

95. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

96. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны немесе Кодексті өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келетін болса, Ереженің осы нормалары күшін жояды және Ережеге өзгерістер енгізілген кезге дейін Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, Жарғыны және Кодексті басшылыққа алады.

«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы»
АҚ
Директорлар кеңесі
туралы ережеге
1-қосымша

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне

«Мәселенің атауы» Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселесі бойынша ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселесінің мазмұны

Түсіндірме жазбада қолданыстағы заңнама нормаларына немесе Қоғамның ішкі құжаттарына сілтеме болуға тиіс, оларға сәйкес ұсынылып отырған мәселе шығарылады және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Басқарма төрағасы
(«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі)
аты, тегі

«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы»
АҚ
Директорлар кеңесі
туралы ережеге 2-
қосымша

«Мәселенің атауы» отырысының күн тәртібі мәселесі бойынша
«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ
Директорлар кеңесі шешімінің жобасы

Күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, (олардың негізінде бұл мәселе Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Заңның, Қоғам Жарғысының ережелері көрсетіледі), Директорлар кеңесі
ШЕШТІ:

ұсынылған шешімнің мазмұны

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Басқарма төрағасы
(«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Директорлар кеңесінің
мүшесі)
аты, тегі

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан - Абенова Ж. Қ.

«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы»
АҚ
Директорлар кеңесі
туралы ережеге
3-қосымша

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ
Директорлар кеңесі мүшесінің сырттай дауыс беру бюллетені

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) орналасқан жері: (мекенжайы көрсетіледі).

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы шақырылды (лауазымы, мәртебесі, тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі).

Осы бюллетеньді Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсыну күні (Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты және әкесінің аты) жылғы « ».

Қол қойылған бюллетеньді жылғы кешіктірмей Қоғамның орналасқан жері бойынша Қоғамның Корпоративтік хатшысына сағат 18-00-ге дейін беру қажет.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша тиісті бағанға қол қоя отырып, Сізден шешімге қатысты дауыс беруіңізді сұраймыз.

Егер сіз шешім үшін дауыс берсеңіз, «ИӘ» бағанына қол қойыңыз.

Егер сіз қарсы дауыс берсеңіз, «ҚАРСЫ» бағанына қол қойыңыз,

Егер сіз қалыс қалсаңыз, «ҚАЛЫС ҚАЛУ» бағанына қол қойыңыз.

Күн тәртібі:

1. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

2. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі). 3. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Директорлар кеңесінің мүшесі шешті:

Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі бекітілсін.

Аты-жөні	Иә	Қарсы	Қалыс қалды
ДК мүшесінің аты-жөні көрсетіледі			

(Олардың негізінде осы мәселе Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Қоғам Жарғысының ережелері, Директорлар кеңесі туралы ережелер, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы көрсетіледі) сәйкес, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша ұсынылған материалдарды қарап, Директорлар кеңесінің мүшесі ШЕШТІ:

1. (Қоғамның Директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).

2. (Қоғамның Директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).

3. (Қоғамның Директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
дауыс беру нұсқалары

Аты-жөні	Иә	Қарсы	Қалыс қалды
ДК мүшесінің аты-жөні көрсетіледі			

* Дауыс беру нұсқасы Директорлар кеңесінің дауыс беруші мүшесінің қолымен белгіленеді.

Егер Директорлар кеңесінің дауыс беруші мүшесі дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана белгілеген жағдайда, осы бюллетень бойынша дауыс ескеріледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес Қоғамның мәміле жасауына мүдделі болған жағдайда дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы ол тиісті жазба жасайды.

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан - Астана Ж. А.

«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы»
АҚ
Директорлар кеңесі
туралы ережеге
4-қосымша

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ
Директорлар кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ
(нөмірі көрсетіледі)

(отырысты өткізу орны мен күні көрсетіледі)

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам)
атқарушы органының орналасқан жері:

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу орны: (отырысты өткізу
мекенжайы көрсетіледі).

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы (отырысты өткізу уақыты
көрсетіледі) ашылды.

Отырысқа Қоғамның Директорлар кеңесінің мынадай мүшелері қатысады:
Директорлар кеңесінің төрағасы:
(аты-жөні) (лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)

Қоғамнан шақырылғандар: (Қоғамның шақырылатын қызметкерлерінің
аты-жөні көрсетіледі).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 58-
бабының тармағына және Қоғам Жарғысының 10-бабының 29-тармағына сәйкес,
егер Директорлар кеңесінің отырысына Қоғамның Директорлар кеңесі
мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, Директорлар Кеңесі шешім қабылдауға
құқылы.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум
(кворумның болуы/болмауы туралы ақпаратты көрсету, қажет болған жағдайда

Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша хабарламалары туралы ақпаратты көрсету (аралас дауыс беру).

Директорлар кеңесінің отырысына шақырылған тұлғалар көрсетілуі мүмкін.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының келесі күн тәртібі қарауға ұсынылды:

1. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Директорлар кеңесінің төрағасы ұсынылған күн тәртібін дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдаймын» (дауыстардың саны және Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні көрсетіледі).

«Қарсымын» - (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің «қарсы» дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

«Қалыс қаламын» (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің «қалыс қалу» дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

Дауыс бермегендер - (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруге қатыспаған немесе жеке ескертулері бар себептері көрсетіледі.) Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес Қоғамның ірі мәміле жасасуына мүдделі болған жағдайда дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы ол тиісті жазба жасайды.

Директорлар кеңесінің шешімі:

Келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Күн тәртібінің мәселесі бойынша сөз сөйледі (баяндамашының лауазымы мен аты-жөні көрсетіледі) ол атап өтті (баяндамашы баяндаған күн тәртібіндегі мәселе мазмұнының қысқаша мазмұны).

Мәселені талқылауға қатысты (мәселені талқылауға қатысқандардың аты-жөні және олардың түсініктемелерінің қысқаша мәні көрсетіледі).

Күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, (Қоғам Жарғысының ережелері, Директорлар кеңесі туралы ережелер, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы негізінде осы мәселе Қоғамның Директорлар

кеңесінің құзыретіне жататын ережелер көрсетіледі) сәйкес, Директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

«Қолдаймын» (дауыстардың саны және Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні көрсетіледі).

«Қарсымын» - (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің «қарсы» дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан - Абенова Ж. Қ.

«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы» АҚ
Директорлар кеңесі туралы ережеге
5-қосымша

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ
Директорлар кеңесі сырттай отырысының
ХАТТАМАСЫ
(нөмірі көрсетіледі)

(отырысты өткізу орны мен күні көрсетіледі)

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам)
атқарушы органының орналасқан жері.

Бюллетеньдерді тарату және осы хаттамаға қол қою күніне Директорлар
кеңесінің мынадай мүшелері сайланды:

Директорлар кеңесінің төрағасы:
(аты-жөні) (лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар
кеңесінің төрағасы/Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі/Қоғамның
атқарушы органы шақырды (аты-жөні көрсетіледі).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және
Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының
қалауы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер
бойынша шешімдер қабылдауы тиісті түрде қол қойылған бюллетеньдер
бойынша дауыстарды санау негізінде сырттай дауыс беру арқылы жүзеге
асырылады (қоса беріледі).

«___» _____ № _____ мәселелерді сырттай дауыс беруге шығару
туралы хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілді.

Сырттай дауыс беру Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілген
бюллетеньдер бойынша өткізілді. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді

берудің аяқталу күні «___» _____ Қоғамның орналасқан жері бойынша:

Ұсынылған бюллетеньдерге Директорлар кеңесінің мүшелері қол қойды және олардан белгіленген мерзімде алынды (қоса беріледі).

Сырттай дауыс беруге қатысты:

Директорлар кеңесінің төрағасы:
(аты-жөні) (лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)
(аты-жөні) (лауазымы)

Шешім қабылдау үшін кворум бар.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының келесі күн тәртібі қарауға ұсынылды:

1. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері дауыс берді:

«Қолдаймын» (дауыстардың саны және Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні көрсетіледі).

«Қарсымын» - (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің «қарсы» дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

«Қалыс қаламын» (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің «қалыс қалу» дауыс беру себептері немесе жеке ескертулері көрсетіледі).

Дауыс бермегендер - (Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс саны және аты-жөні және Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруге қатыспаған немесе жеке ескертулері бар себептері көрсетіледі.) Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес Қоғамның ірі мәміле жасасуына мүдделі болған жағдайда дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы ол тиісті жазба жасайды.

күн тәртібінің мәселесі бойынша күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, (Қоғам Жарғысының ережелері, Директорлар кеңесі туралы ережелер, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы негізінде осы мәселе Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын ережелер көрсетіледі) сәйкес, Директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

«Қолдаймын» (дауыстардың саны және Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні көрсетіледі).

Подписано

05.02.2021 16:36 Камалиев Б. С. ((и.о Атамкулов Б. Б.))

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан - Абенова Ж. Қ.